

Қазақстан Республикасының Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Елшілігінің әкімшілік ғимараты мен Төтенше және Өкілетті Елшісі резиденциясының ғимаратын салу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 маусымдағы N 579 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Эр-Рияд қаласы, Дипломатиялық квартал, N D 27 учаскесі мекен-жайы бойынша Қазақстан Республикасының Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Елшілігінің әкімшілік ғимараты мен Төтенше және Өкілетті Елшісі резиденциясының ғимаратын (бұдан әрі - ғимараттар) салу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 009 "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төленетін күнге белгілеген бағам бойынша 5382000 (бес миллион үш жүз сексен екі мың) АҚШ долларына баламалы сомада ғимараттардың құрылысын қаржыландыруды;

2) ғимараттардың құрылысын қаржыландыру үшін бөлінген қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі